

## АЛҒЫ СӨЗ

Жалпы тіл біліміндегі лексикологияның ерекше бір бөлігі - ономастика жалқы есімдерді зерттейді. Ономастика терминінің орнына кейде ономатология термині де қолданылады. Бұлар өзара синонимдес терминдер. Дегенмен, қазіргі кезеңде ономатология термині пассивтеніп, жалпы тілдерде ономастика термині актив қолданылуда. Ономастика термині гректің онома «ат», «атау» деген сөзінен алынған. Яғни, оның негізгі зерттеу объектісі тек жалқы есімдер ғана болмақ. Ал жалқы есімдердің сөзжасамдық қайнар көзінің негізгісі жалпы есімдер болып табылады. Дегенмен жалпы есімдер мен жалқы есімдер мағыналық тұрғыдан бір-бірінен алшақтап кетеді. Мысалы, жалпы есімдердің ұғымдық мазмұны, атауыштық қасиеті, эмоционалды-экспрессивтік мағыналары өз бойында толық сақталса, жалқы есімдерде жеке заттың атауы ретіндегі атауыштық қасиеті ғана айқын болады. Сондықтан да күні бүгінге дейінгі жалқы есімдердің мағынасы (семантикасы) туралы тіл ғылымында біркелкі тұрақталған пікір жоқ. Кейбіреулердің пікірі бойынша жалқы есімдер ешбір мағынаға ие емес, олар жай ғана таңба, шартты белгі ғана.

Ал келесі бір ономаст ғалымдар - Корпенко Ю.А., Подольская Н.В., Суперанская А.В., Шитинин Л.М., Молчанова О.Т. және т.б. жоғарыдағы пікірлердің дұрыс еместігін дәлелдей келіп, жалқы есімдердің информативтік қасиет пен жалпы және дара, дербес энциклопедиялық мәнге ие болатындығын айтады. Олардың жалпылығы - ономастикалық өреге (поля) бөлінуі, ал жеке, даралығы - ол атаулардың ономастикалық өре ішінде саралануынан көрінеді. Информативтік мағлұматтар аталмыш заттың белгілі, нақтылығымен де байланысты болады. Яғни, аталмыш зат белгілі болған сайын, ол жайлы мағлұмат та көп, мол келеді. Сөйлеу тілінде жалқы есімдердің бірнеше

қызметке ие екендігі байқалады, олар: атауыштық, даралық, дербестік және күнделікті қарым-қатынасқа түсушілік қасиеттері. Ал қосымша қызметтері ретінде олардың әлеуметтік, эмоционалды, адрестік, экспрессивтік, эстетикалық, стилистикалық ерекшеліктерін айтуға болады. Міне, осы айтылғандардың бәрі жабылып жалқы есімдердің экстралингвистикалық қасиетін ашып береді. Себебі жалқы есімдердің қандай түрі болмасын, тілдің басқа көрсеткіштері сияқты белгілі бір қоғамда пайда болып, қоғамнан тыс өмір сүрмейтіні сияқты ономастикалық атаулар да сол тіл иелерімен бірге өмір сүріп, күнделікті қолданыс, бірлікте болады.

Әрі жалпы есімдерге қарағанда жалқы есімдер мейлінше тұрақты, ұзақ ғасырлардан өзгеріссіз жетуге бейім келеді. Өйткені топонимдер - тарих айнасы. Олардың бойында замана, дәуір таңбасы, оның құпия сыры, сан ғасырлық қоғамдық өмір ізі - этнографиялық сипаттар мен дін, идеология көріністері, ең негізгісі - белгілі бір немесе бірнеше дәуір тілінің белгілері сақталады. Олар сөздік қорға тән, оның бөлінбес бөлшегі болып табылады. Сондықтан да олар тіліміздің лексикалық, грамматикалық, морфонологиялық жағынан мол дерек береді. Оны лингвистикалық тұрғыдан зерттеу-тарихи лексикология, морфология, құпиясын білу үшін және де қазіргі әдеби тіліміздің даму тарихын айқындау үшін де аса қажет.

Сонымен жалқы есімдер (ономалар) тіл білімінде мағына жағынан белгілі бір ұғымды білдірмейді, тек бір жеке-дара затты басқа заттардан ажырату үшін қойылған белгі, ат, атау ретінде ғана жұмсалады. 1. Олар атауыштық тұрғыдан бірыңғай қызмет атқарғанымен, мағыналық жағынан іштей бірнеше топтарға бөлініп кетеді.

**1.Антропонимика** (кісі есімдерін зерттейтін сала):

**2.Топонимика** (жер, су, тау, елді-мекен атауларын зерттейді):

**3.Этнонимика** ( ру, ел, халық, тайпа атауларын зерттейді):

**4.Астронимика** ( жұлдыз, аспан әлемі атауларын зерттейді):

**5.Зоонимика** (түрлі жан-жануар, аң-құс атауларын зерттейді):

**6.Хрематонимика** (түрлі мекеме, мейрам, газет-журнал, кітап, кинофильм, және пароход, поезд, самолет рейстері атауларын зерттейтін саласы) және т.б.

Қазіргі ономастикалық еңбектерде жоғарыдағы топтардың өздері де іштей бірнеше бөліктерге бөліне қарастырылып жүр. Мысалы, антропонимика (кісі есімдері) іштей *1.фамилия 2.әке аттары 3. өзінің шын аты 4. лақап аты, 5. бұркеншік аты* және т.б. бөліктерден тұрса, топонимика (жер-су, елді мекен) да іштей *1.ойконимия* (елді мекен), *2. оронимика* (тау, тебе атаулары), *3. гидронимика* (өзен, көл, су атаулары) *4. урбонимика* (қала көше аттары) *5. фитонимика* (өсімдік атауларына байланысты қойылған атаулар), *6. этнотопонимика* (ру, тайпа атауларынан қойылған жер- су атаулары), *7. антропотопонимика* (кісі есімдеріне байланысты аталған жер-су атаулары) тәрізді бөліктерге бөлінеді.

Қазіргі кезеңде ономаст ғалымдар ономастиканың жоғарыдағы бөліктерін сала-салаға бөліп зерттеу үстінде. Соның нәтижесінде ономастика ғылымының ішінен әзірге антропонимика, топонимика, этнонимика салалары жеке-жеке ғылым ретінде қалыптаса бастады деуге болады. Жалпы ономастиканың зерттелу бағыты қазіргі лингвистикалық қауымда ерекше дамып отыр. Жер шарында ономастика проблемаларына арналған әдебиеттер

мен ғылыми журналдар 1950 жылдардан бастап жарық көруде. Мысалы, Польшаның Краков, Варшава қалаларында «*Onomastika*», Лос-Анжелес қаласында «*Hames*», Хейлденберг қаласында «*Beitrade zur Namentor sekund*», Париж қаласында «*Revue Internationale d Onomastique*» журналдары шығып тұрады.

Сонымен бірге ономастика жер шарындағы көптеген оқу орындарында арнаулы пән ретінде жүреді. Үнді-европа тілдерінде оған арналған оқулықтар мен оқу бағдарламалары бар. Атап айтқанда АҚШ, Германия, Франция, Ресей, Азербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан университеттерінде арнаулы пән, курс ретінде оқытылып, түрлі үйірмелер мен ресми семинарлар өткізіледі. Ономаст ғалым В.А.Никонов 1965 жылы «Введение топонимику» атты алғашқы оқулықты бастырып шығарды. Өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап бұрынғы ССРО Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен этнография институтының жанында «Ономастикалық» топтар жұмыс істей бастады. Осы топтардың ұйымдастыруымен одақтық, республикалық көлемде түрлі конференция-семинарлар өтіп, ғылыми жинақтар жарық көрді. Украина, Белорусия, Молдавия, Латвия т.б. республикаларда ономастикалық комиссиялар ұйымдастырылып, ұлттық атауларды қалыптастыруда өнімді еңбек етті.

Ал түркі ономастикасы өткен ғасырдың 40-жылдардан бастап арнайы зерттеле бастады. Одақтық көлемде еңбек еткен тюрколог ғалымдар ішінен Кононов А.Н., Малов Е, Баскаков Н.А., Тенишев Э.Р., Щербак А.М. Мусаев К.К. Мурзаев Э.М. Никонов В.А., Кармышева Б.Х және т.б. атауға болады. Бұлардан басқа да түркі тілдес республикалар өкілдерінің жеке республикалар ауқымында түркі ономастикасына сіңірген еңбектерін атап өту орынды болмақ. Атап айтқанда Өзбекстаннан (Хасанов Х.Х.,

Бегматов Э.А., Охундов Н., Қадырова Ш. т.б.), Азербайжаннан (Юзбашев Р., Молла-Заде С., Ахундов А., Маммадов А., Гулиева Л. Алиев А.) Қырғызстаннан (Исаев Д., Умирзаков С., Конкобаев К., Жаппаров Ш. т.б.), Түркменстаннан (Атаниязов С., Мұхамезова З., Сатарова Т., Гельдыханов М., Аннакылышев Ш. т.б.) Татарстаннан (Саттаров Г., Закиев М., Тарифова Ф., Субаева Р. т.б.) булардан баска да Башқұрт, карашай, черкес, хакас, якут т.б. елдер ғалымдары түркі ономастикасына оз еңбектерімен үлкен үлес қосты.

Жалпы 1940 жылдан бергі уақытта түркі ономастикасынан 25-тей докторлық, 100-ден астам кандидаттық диссертациялар қорғалып, көптеген ғылыми монографиялар мен сөздіктер жарық көрді. Және де төмендегідей ірі-ірі жинақтар басылып шықты. «Топонимика Востока» (1962, 1964, 1969), «Ономастика Повольжия» (1969, 1971, 1973, 1976), «Ономастика Востока» (1980), «Языки и топонимия Повольжия» (1972, 1973), «Ономастика Средней Азии» (1978, 1980), «Вопросы топонимии Башкирии» (1981), «Вопросы Киргизской Ономастики» (1981, 1983), «Проблемы этимологии тюркских языков» (1990) т.б.

Қазақ ономастикасы туралы алғашқы еңбектер революцияға дейін де жарық көрген. (Валиханов Ч.Ч., Потанин Г., Малов С., т.б.) Октябрь революциясынан кейін алғашқылардың бірі болып қазақ тіл білімінің осы саласына қалам тартушылар ретінде Аманжолов С., Баяндин Н., Мұсабаев Ғ., Жұбанов Қ. және т.б. атауға болды. Ал қазақ ономастикасымен арнайы айналысып, оны ғылым дәрежесіне көтеруші ғалымдар - Қонқашбаев Ғ.Ғ., Абрахманов А.А., Жанұзақов Т.Ж., Қойшыбаев Е.К., Султаньяев О.А., Керімбаев Е.Ә. және т.б. еді. Әсіресе, бұл салада тың бастама көтерген А.Әбдірахманов пен Т.Жанұзақовтар еселі еңбек етті. А.Әбдірахманов 1955

жылы «Қазақ топонимикасының кейбір мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, іле «Қазақстанның жер-су аттары», «Топонимика және этимология», «Қазақстан этнотопонимикасы» атты монографиялық еңбектерді баспадан шығарып, одан беріде де ғылыми мақалалар мен еңбектер жазумен келеді. А.Әбдірахманов ұзақ жылғы еңбектерінің негізінде 1991 жылы «Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана» атты тақырыпта докторлық диссертациясын өте табысты қорғады.

Қазақ ономастикасының антропонимика саласын ғылыми дәрежеге көтеріп, осы саладан бірнеше маман даярлап шығарған ф.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының ономастика бөлімінің меңгерушісі Т.Жанұзақов күні бүгінге дейін осы салада өнімді еңбек етіп келеді. Автор түркі ономастикасына «Қазақ есімдерінің тарихы», «Есімдер сыры», «Очерк казахской ономастики», «Основные проблемы ономастики казахского языка» атты монографиялық еңбектерімен және де кейінгі жылдары республикамыздағы баспалардан жарық көріп жатқан топонимикалық сөздіктер мен түрлі жинақтар авторы ретінде кенінен таныс. Т.Жанұзақов осы саладан 150-ден астам ғылыми еңбектер жазған, ол еңбектері бұрынғы ССРО көлемінде Түркияда, Германияда орыс, түрік, неміс және т.б. тілдерде жарық көрген.

Қазақстан ғалымдары ішінде регионалды топонимиканы зерттеу мәселесімен арнайы айналысқан ғалымдар да баршылық. Ұзақ жылдар бойында нақты облыстар топонимдерін зерттеумен айналысып, түрлі мерзімде кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғағандары: Е.Қойшыбаев 1967 жылы «Основные типы топонимов Семиречья» тақырыбында., Попова В.Н. 1966 жылы «Гидронимы Павлодарской области», Султаньяев О.А. 1969 жылы Топонимика Кокчетавской области».

Керімбаев Е.Ә. 1988 ж. «Лексико-семантическая типология оронимии Казахстана»., Бектасова Б.К. 1989 жылы «Топонимия Гуревской области»., Жартыбаев А.Е. 1991 жылы «Состав и структура топонимов Карагандинской области», Сембиев Қ.З. 1992 жылы «Қызылорда облысы топонимдері», Рысбергенова К.К. 1993 жылы «Историко-лингвистический анализ топонимов Южно- Казахстанской области» атты тақырыптарда т.б. зерттеулер жүргізді. Бұл ізгі бастамалар күні бүгінге дейін өз жалғасын табуда. Атап айтқанда, әр өлкенің облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармаларының жоспарлы түрдегі өлке топонимдерін зерттеуді жалғастыруы осының айқын дәлеліндей.

Біз зерттеп отырған «Қарқаралы ауданы топонимдері» атты еңбек те аталған бағыттар бойынша орындалып отырған жұмыс екенін атап өтуді орынды санаймыз.

Аудан топонимдерінің тілдік, тарихи-салыстырмалы әлеуметтік, этномәдени т.б. салаларына, аймақтық ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын ауданның қысқаша тарихы мен географиялық ерекшеліктеріне тоқталып өту қажеттілігін дұрыс деп санаймыз. Себебі, белгілі бір аймаққа қатысты атаулар сол аймақтың тарихы мен саяси-әлеуметтік жайларына, флора- фаунасына т.б. қоршаған орта көріністеріне тікелей байланысты келетінін ономаст ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген.

Қарқаралы ауданы, облыстың солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. 1930 жылы құрылған. 1997 жылы Қазыбек би (бұрынғы Егіндібұлақ) ауданымен біріктірілді. Жер аум. 35.5 мың км<sup>2</sup>. Халқының саны - 43,5 мың (2005). Аудандағы 79 елді мекен 1 қала, 1 кент, 23 ауылдық, округке біріктірілген. Орталығы - Қарқаралы қаласы. Аудан аумағы Сарыарқаның шығысында, дала белдемінде орналасқан. Жері негізінен аласа таулы, шоқылы, төбелі,

белесті келеді. Оңтүстігінде Балқаш көлі, Ертіс өзені және Теңіз-Қорғалжын тұнық көлдерінің суайрығы болып табылатын Қызылтас (Қушоқы), Бұртас, Кіші және Үлкен Қаракуыс таулары, Кешубай, Қоңыртемірші (Қарасоран) т. б. таулар тізбегі өтеді. Ауданның орталық бөлігін Ханқашты, Түнқатар, Қарқаралы (Жиренсақал), Кент таулары алып жатыр, солтүстігі ұсақ шоқылы, қырқалы жазық. Олардың арасында Қу, Айыртау, Дос таулары орналасқан. Ауданның солтүстік-батысын Қарасор көлінің ойысы алып жатыр. Жер қойнауында қорғасын, темір, барит, мырыш, күміс, алтын, флюорит, кварцит, молибден, мыс, құрылыс материалдары (гранит, қиыршық тас, құм, саз) барланған. Климаты айқын континенттік, қысы ұзақ, суық, боранды, қары аз, қаңтардың орташа температурасы - 14-15°С. Жазы қоңыржай ыстық, қуаң, шілденің орташа температурасы - 19-20°С. Шаруашылық маңызы бар басты өзендері: Нұра (жоғарғы ағысы), Жарлы, Қарқаралы, Қарасу, Талды, Түндік, Қусак (жоғарғы ағысы). Негізгі көлдері: Қарасор, Балықтыкөл, Саумалкөл, Қатынкөл, Сарықасқа, Үлкенкөл, Қарасор. Қарқаралы тауында туристік маңызы бар Шайтанкөл, Бассейн к., Самалкөл жайласқан. Тауларында қарағай, арша, тасжарған, ырғай, қараған, таңқурай, қарақат, бөріқарақат, ұшқат, доланат. т. б. бұталар, олардың бөктеріңде қайың, көктерек өседі. Аңдардан: арқар, елік, қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, ақкіс, сасық күзен, ақтиін, қоян, сарышұнақ, боз суыр, байбак суыр, қосаяқ; құстардан: дуадақ, бүркіт, тырна, құр, шіл, бөдене, қаз, үйрек т. б. су, орман құстары мекендейді. Қарқаралы өңірі - ең алғашқы адам қоныстары мекендеріне бай өңір. Соның нақты дәлелі осы жылы Қ.Аманжолов селолық округіне қарайтын, Талды ауылынан 2 шақырым жерден Талды өзені бойындағы көне обадан табылған - «Алтын адам». Әрі аталған өңірде Ресей патшалығы дәуіріндегі округ пен уезд орталықтары орналасқан.



Қарқаралы округі, революцияға дейін 1824 жылдан Сібір қырғыздары (казактары) облысының (1854 жылдан Семей облысының Дала генерал-губернаторлығы әкімшілік-аумақтық бөлігі, орталығы Қарқаралы стансасы (кейін Қарқаралы қаласы) болды. Әскери әкімшілік басқарманың Батыс Сібір шекаралық басқармасының округтік бұйрығы. Оның қарамағында шекаралық және жазалаушы әскерлер, сот және финанс органдары, кейіннен облыстық басқарма қарады. Округтік бұйрықтың құрамын (төрағасы - аға султан, билер сайлайтын 2 заседатель және патша әкімшілігі тағайындайтын 2 шенеунік) генерал-губернатор бекітті. Қарқаралы округі солтүстіктен оңтүстікке қарай Ертіс өзенінен Балқаш көліне дейінгі, батыстан шығысқа қарай Ащысу өзенінен Шығыстау жоталарына дейінгі аумақты алып жатты; ол болыстарға (18), ауылдарға (147), бөлінді, 16 пошта бекеті болды.

Халқының саны - 59, 7 мың. Жерінің жалпы ауданы - 135,3 мың шаршы шақырым. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары - мал шаруашылығы (220 мың жылқы, 77 мың ірі қара, 1164 мың қой, 32,7 мың түйе болды). Кен өндіру кәсіпшілігі дамыды. Благодат-Стефанов және Николаев балқыту зауыттары (1868) жұмыс істеді.

Қарқаралы уезі Семей облысының дала генерал-губернаторлығының құрамында 1868 ж. құрылды (1868 жылға дейін Қарқаралы округі). Болыстарға, ауылдарға (түтіндерге, ауылдық әкімшілік-аумақтық бірліктерге) бөлінді. 1897 жылы халық санағының мәліметтері бойынша халқының саны 171,2 мың, уезд жері 189,2 мың шаршы км. (1 қалалық елді мекен, 1 станция, 22 болыс, 181 ауыл, 31 мың түтін) болды. 1907 жылдан Қарқаралы уезіне Ресейдің батыс және орталық губернияларынан, Сібірден қоныс аударушылар келіп, орныға бастады.

Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары - мал бағу, астық егу болды. Уезд жерінде (Ботов) Қоянды жәрменкесі, мыс қорыту кәсіпорындары, алтын кеніштері орналасты.

Революциядан кейін орта буын әкімшілік-аумақтық бірлік Қарқаралы уезінің жерін уақытша басқару үшін уездік Совдеп құрылды (1918, наурыз - маусым, 1919 ж. желтоқсаннан өкімет билігін қолына алған ревком 1920 ж. оны атқару комитетіне тапсырды. 1923-29 жылы әкімшілік-аумақтық реформа барысында Қарқаралы уезі 1928 жылдың 17 қаңтарында округке айналып, болыстар аудандар болып, Қарқаралы уезінің негізінде қарамағына 7 аудан енген (Абыралы, Аксары, Балқаш, Берікқара, Қу, Шет, Шұбартау) округ құрылды. Бұл кезде Қарқаралы округінің жері 181,8 мың км<sup>2</sup>, халқ саны - 177,1 мың болды. Округтік атқару комитетінің жаңадан құрылған округтік жоспарлау комиссиясы (окрплан) округтің табиғи байлықтарын анықтап, игерумен (кен орындары: мыс Қоңырат пен Көктас-Жартас, полиметалл — Берікқара мен Сәмәмбет, темір кені - Кентөбс мен Тоғай), Қарағанды - Балқаш темір жолын жобалаумен, Қарқаралы округін Павлодар, Қоңырат, Ақмола және Сергиополь елді мекендерімен байланыстыратын автомобиль жолын төсеумен айналысты. Қарқаралыда электр стансаларының құрылысы қолға алынып, радиоландыру басталды. Округтің ауыл шаруашылығында 103- дар мен ұжымшарлар құрылып, алғашқы кеңшарлар («Скотовод» тресінің «Балықтыкөл», «Овцевод» гресінің Ленин атындағы кеңшарлары) ұйымдастырылды, ауыл пиаруашылық дақылдарының егісі ұлғайды, егіншілік өріс алып, бұрынғы малшы-шаруалар көшпелі тірліктен отырықшылыққа көше бастады. Қарқаралы округінде 89 мектеп, 23 кооперациялық қоғам, 5 аурухана жұмыс істеді (1930). Шаруашылықтың дамуына орай облыстар

шағындалды. 1930 жылы 17 желтоқсанда Қарқаралы округі таратылды, 1934 ж. 4 шілдеде ауыл шаруашылық бағытындағы 6 ауданның құрамында (Баянауыл, Жанаарқа, Қарқаралы, Қонырат, Қу және Шет) өзінің әкімшілік-аумақтық және шаруашылық қызметін қайта бастады. Үлгі МТС-ін, 290 ұжымшарды (жыртылған жері 52 мың га) қамтыды. 1935 ж. 1 қыркүйекте БОАК Президиумы округ шаруашылықтарына көмек көрсетуде және ауыл еңбекшілерінің мәдениетін көтеруде үлкен рөл атқарған «ҚазКСР-інің Қарқаралы округіндегі Кеңес, шаруашылық және мәдени құрылыс туралы» қаулы қабылданды. Қарқаралы округіне дәрігерлер, ауыл шаруашылық мамандары жіберілді, мектеп-интернаттар, балабақшалары салынды. БОАК Президиумының 1936 ж. 27 шілдедегі «Қазақстанда жаңа облыстар құру туралы» қаулысынан кейін Қарқаралы округі жаңадан ұйымдастырылған Қарағанды облысының құрамына кірді.

Бүгінгі таңда ауданда өнеркәсіп орындарынан темір кенін өндіру кәсіпорны, Қорғасын-барит өндіру, май зауыты, нан зауыты, тамақ комбинаты, тігін цехы, астық қабылдау пункті, құрылыс, автокөлік мекемелері бар. 462 шаруа қожалықтары, 2 ӨК («Қоянды», «Томар»), 3 ЖШС («Балгер», «Қазыбек», «Еңбек») агроөндіріспен шұғылданады. Егін шаруашылығының басты саласы - астық дақылдары мен жемшөп, картоп пен көкөніс егіледі. 1930 жылдан ауданда «Қарқаралы» газеті шығарылады. Ауданда орта мектеп, музыкалық және спорт мектебі, колледж, тарихи-өлкетану мұражайы, халық театры, кітапханалар, ФАП бар. Аудан аумағынан ежелгі адамдардың қоныстары, алғашқы қауым адамдарының жартасқа салған таңбалары, ортағасырлық қираған қалалар, бертінгі феодалдық бекіністер табылған. Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға ат салысқан У.Жәнібеков, Н.Е.Нұрмақов, М.Тәтімов, сондай-ақ Кеңес

Одағының Батырлары Н.Әбдіров, М.Мамыраев, П.И.Теряев, әнші Ә.Қашаубаев, КСРО халық әртісі Қ.Куанышбаев, белгілі казак кеңес акындары Қ.Аманжолов, Ғ.Игенсартов, жазушылар Ә.Әбішев, Қ.Сатыбалдин, ұшқыш-космонавт Т.Әубәкіров Қарқаралы ауданында туған. Аудан жерінен Қарағанды - Қарағайлы темір жолы, Қарқаралы - Қарағанды, Қарқаралы – Егіндібұлақ, Қарқаралы- Аягөз автомобиль жолдары өтеді. Міне, осы аталып өткен жайлардың бәрі де аудан топонимдерінің жасалуына, қалыптасуына тікелей қатысты болып келеді.